



КЕЛІСІЛДІ

Абай ауданының білім
бөлімінің басшысы

Б.К.Көрпешова

2024 жыл

БЕКІТЕМІН

«Акку» бөбекжай» КМҚК

директор м.а.

Сағындыкова А.С.

2024 жыл



**Қарағанды облысы білім басқармасының
Абай ауданы білім бөлімінің
«Аққу» бөбекжай»**

**коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорынының
2024-2029 жылдарға арналған даму бағдарламасы**

Абай қ.

Бекітілді

№ 1 педагогикалық кеңес
отырысында

«19» «08» 2024 ж.

Даму бағдарламасының мазмұны

БӨЛІМ 1. Кіріспе

- білім беру ұйымының паспорты
- даму бағдарламасының паспорты
- даму бағдарламасын іске асыру кезеңдері

БӨЛІМ 2. Ағымдағы жағдайды талдау

- балабақша жұмысының қазіргі жағдайының қысқаша сипаттамасы
- SWOT – талдау

БӨЛІМ 3. Балабақшаның көрінісі мен миссиясы

- бөбекжай жұмысының басым бағыттары
- бағдарламаны іске асыру тетігі

БӨЛІМ 4. Даму бағдарламасын іске асырудың нысаналы индикаторлары және күтілетін нәтижелері

БӨЛІМ 5. Іс-шаралар жоспарлары

I. Кіріспе

Бұл даму бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) бес жылдық кезеңге «Аққу» бөбекжай» КМҚК даму жолдары мен негізгі бағыттарын айқындайтын стратегиялық құжат болып табылады.

Білім беру жүйесінің алғашқы баспалдағы мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту болғандықтан тәрбиешілерге мәдениетті, білімді, белсенді жеке тұлға тәрбиелеу міндеті жүктеледі. Әлемдік білім кеңістігінде мектепке дейінгі педагогикалық мәселелерді шешуде тәрбиелеу мен білім берудің жаңаша жетілдірілген әдіс-тәсілдерін іздестіру, үнемі жаңалыққа жол ашу бағыттары қарастырылуда. Қазіргі кезде болып жатқан тарихи-әлеуметтік өзгерістер, ғылымдағы жаңалықтар бүгінгі ұрпақ тәрбиесіне, оның ішінде, мектепке дейінгі жастағы бүлдіршіндердің дамуына, тәрбиеленуіне жаңаша көзқараспен карауды қажет етеді.

Бағдарламада балабақшаның даму жолдары, заттық дамытушылық ортаның құрылуы, балабақшаның өзекті мәселелері анықталған. Сонымен қатар бағдарлама тәрбиелеу мен оқыту үдерісінің сапасын көтеруге, ата-ана мен балабақша арасындағы қарым-қатынасты нығайтуға, мектепке дейінгі жастағы балалардың шығармашылық, танымдық қабілеттерін дамытуға, түзету жұмыстарын іске асыруға, ерекше қажеттілігі бар балалармен жеке жұмыс жасауға, педагогтардың біліктілігін көтеруге бағытталған міндеттерді шешуді көздейді.

Алдыңғы бес жылдыққа балабақшаның сапалы дамуы жоспарланды.

- мектепалды топ бүлдіршіндерін мектепке даярлау;
- педагогтардың кәсіби дамуы;
- ата-анамен жұмыс;
- сабақтастық;
- материалдық-техникалық базаны нығайту;
- қаржы ресурстарын тиімді пайдалану;

Балабақшаның сапасын жақсарту жөніндегі шараларды іске асыру нәтижесінде 2-6 жас аралығындағы балаларды мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен 100% қамтуға, балалардың өмір қауіпсіздігі мен денсаулығын нығайтуға, педагогтардың статусын көтеруге, іс-тәжірибе алмасуына көп көңіл бөлінеді.

Бағдарламаны іске асыру педагогтардың, тәрбиеленушілердің іс-әрекеттеріндегі сапалы өзгерістерді, балабақша мен ата-аналар қоғамдастығы арасында тиімді байланыс орнатуды, сондай-ақ материалдық-техникалық қажеттіліктерді шешуді қамтиды.

1. Мектепке дейінгі мекеме туралы ақпараттық анықтама

Мектепке дейінгі мекеменің атауы	Қарағанды облысы білім басқармасының Абай ауданы білім бөлімінің «Аққу бөбекжай» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорыны
Бөбекжайдың орналасқан жері	Индекс 100101 Қарағанды облысы Абай ауданы Абай қаласы 3 ықшам аудан 42 үй
Бөбекжай телефоны	Телефон / факс 8(72131) 4-79- 77 Пошта: e-mail akkyjds@mail.ru
Бөбекжай директоры м.а.	Сагындыкова Айгерим Сайлаукызы
Бөбекжайдың құрылған жылы	1976 жыл
Жалпы алаңы	8775м ²
Бөбекжайдың ашылған жылы	29.08. 2008 жыл
Жобалау сыйымдылығы	200
Бөбекжайдағы топ саны	8
Ондағы балалар саны	200
Оқыту тілі	Қазақша, орысша
Оның ішінде тәрбиелеу мен оқыту қазақ тілінде жүргізіледі	7
Бала саны	183
Жалпы қызметкерлер саны	46
Педагогикалық кадрлар саны	22
Басқа қызметкерлер құрамы	24
Бөбекжай жұмысының ерекшелігі	Бөбекжайда тәрбиелеу мен оқыту мемлекеттік тілде жүргізіледі.
Бөбекжайды қаржыландыру	Бюджеттік және ата-аналар жарнасы

Бөбекжай қандай бағдарламалармен жұмыс жасайды?	«Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың үлгілік бағдарламасы»
Жұмыс ұзақтығы	10 ³⁰ сағат
Жұмыс күндері	5 күндік Дүйсенбі - жұма
Балаларды қабылдау	07 ³⁰
Үйге қайтару	18 ⁰⁰

Бағдарламаның паспорты

Бөбекжайдың даму атауы	Қарағанды облысы білім басқармасының Абай ауданы білім бөлімінің «Аққу» бөбекжай» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорынының 2024-2029 жылдарға арналған даму бағдарламасы
Бөбекжайдың даму бағдарламасын әзірлеу үшін негіздеме	1. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 28 тамыздағы № 273 бұйрығы 2. «Мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарын дамыту бағдарламасының құрылымын және оны әзірлеу қағидаларын бекіту туралы» «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы; 3. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 31 тамызда № 29329 болып тіркелді 4. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтерді және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2017 жылғы 12 сәуірдегі «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы; 5. «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жоспарлау жүйесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 29 қарашадағы № 790 қаулысы; 6. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2018 жылғы 10 қаңтардағы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа

	мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына Жолдауы; 7. «Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарын бекіту және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарының күші жойылды деп тану туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 15 ақпандағы № 636 Жарлығы; 8. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2018 жылғы 5 қазандағы «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты Қазақстан халқына Жолдауы; 9. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2018 жылғы 21 қарашадағы «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласы; 10. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2019 жылғы 23 қаңтардағы Жастар жылының ашылуында және 2019 жылғы 27 ақпандағы «Nur Otan» партиясының XVIII съезінде берген тапсырмасы; 11. Қазақстан Республикасы Президентінің «Игілік баршаға! Сабақтастық. Әділдік. Өрлеу» сайлауалды бағдарламасын және «Бірге» жалпыұлттық акциясы барысында алынған ұсыныстарды іске асыру жөніндегі шаралар туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2019 жылғы 19 маусымдағы № 27 Жарлығы; 12. Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К. Тоқаевтың 2019 жылғы 2 қыркүйектегі «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауы. 13. Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К. Тоқаевтың 2020 жылғы 1 қыркүйектегі «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс – қимыл кезеңі» атты Қазақстан халқына Жолдауы.
Даму бағдарламасын әзірлеу мен іске асыруды қабылдау күні мен шешімі	Бөбекжайдың
Бөбекжай даму бағдарламасын әзірлеуге	Сагындыкова А.С. – директор м.а. Шығармашылық топ

жауапты	Рахимжанова А.Е. – тәрбиеші Сейтимова Г.Т. – музыка жетекшісі Нурмуханова А.Р. – дене тәрбие нұсқаушысы Шакирбмева Л.П. - әдіскер
Бөбекжайдың даму бағдарламасының мақсаты	1. Қазақстандық білім мен ғылымның жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттыру және жалпы адамзаттық құндылықтар негізінде тұлғаны тәрбиелеу және оқыту. 2. Елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына ғылымның үлесін арттыру. 3. Балабақшада балалардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру және ұлттық құндылықтар негізінде тұлғаны тәрбиелеу, рухани дағдыларын қалыптастыру.
Бөбекжайдың даму стратегиялық бағыттары	I.Заманауи педагогтың кәсіби өсуін дамыту. II. Білім беру мазмұнын жаңарту
Бөбекжайдың даму бағдарламасының міндеттері	I.Заманауи педагогтың кәсіби өсуін дамыту. 1. Педагог кәсібінің жоғары мәртебесін қамтамасыз ету, педагогикалық білім беруді жаңғырту. 2. «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» мамандығы бойынша техникалық және кәсіптік және жоғары білімі бар педагогтердің үлесін арттыру; 3.Балабақшада тәрбиеленушілердің қауіпсіз және жайлы ортасын қамтамасыз ету; 4. Тәрбиеленушілердің зияткерлік, рухани-адамгершілік және физикалық дамуын қамтамасыз ету. 5. Тәрбиеленушілердің өз бетінше жұмыс жасай алуына мүмкіндік беру, болашақ көшбасшыларды тәрбиелеу; 6.Тәрбиеленушілердің ата-аналарымен және заңды өкілдерімен тұлғааралық өзара іс-қимылдарды кеңейту және өзара жауапкершілік қағидаты бойынша ынтымақтастық құру; 7.Ұлттық салт-дәстүрлердің негіздерін қалыптастыру; 8.Ерекше тәрбие мен білім берілуіне қажеттіліктері бар тәрбиеленушілерге жағдай жасауды қамтамасыз ету. 9.Тәрбиелеу мен оқыту үдерісін цифрландыруды жүзеге асыру;

10. Мектеппен үздіксіз сабақтастықты дамыту.

11. Ата-аналардың психологиялық-педагогикалық білімдерін көтеру үшін іс-шара өткізу.

II Білім беру мазмұнын жаңарту.

1. **«Өнерлі он саусақ»** (4 жастан бастап) вариативтік бағдарламасы бойынша шығармашылық жобасы негізінде тәрбиеленушілерге шығармашылық ойлау қабілетін, мәдениетін дамыту. Шығармашылық іскерліктері мен эстетикалық талғамын қалыптастыру.

2. **«Қызықты математика әлемі»** (4 жастан бастап) вариативтік бағдарламасы бойынша шығармашылық жобасы негізінде тәрбиеленушілерге танымдық үрдістер, ықылас, ес, ой, қиялын дамыту. Ақыл-ой әрекеттерінің тәсілдерін салыстыру, қорытындылау, талдау жасау, байланыстың себеп-салдарын үйрету.

3. **«Ұлттық ойындар»** (5 жастан бастап) вариативтік бағдарлама бойынша шығармашылық жобасы негізінде тәрбиеленушілерге мектеп жасына дейінгі балаларға арналған қазақ халық ойындарын үйрету. Балалардың өнер арқылы өз сезімдерін және эмоцияларын білдіруіне мүмкіндік жасау.

4. **«Тапқыштар әлемі»** (5 жастан бастап) вариативтік бағдарлама бойынша шығармашылық жобасы арқылы балалардың танымдық, шығармашылық қабілетін дамыту. Логикалық ойлау қабілетін, тілін дамыту, сөзік қорын молайту.

5. **«Жол тәртібін білейік»** (3 жастан бастап) вариативтік бағдарлама бойынша шығармашылық жобасы негізінде ақыл-ой әрекетінің дамуын, логикалық ойлау, салыстыру, талдау, жинақтау дағдыларын қалыптастыру, өзін-өзі бақылау дағдыларын дамыту.

6. **«Шығармашылық әлеміне саяхат»** (3 жастан бастап) вариативтік бағдарламасы арқылы балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту. Өнерге, сұлулыққа, мәдениетке деген қызығушылықтарын арттыру. Балалардың қиялын, танымдық және қол моторикасын дамыту.

7. **«Почемучки»** (4 года) программа вариативного компонента для создание условий

для проведения опытно-экспериментальной деятельности; овладение способами практического взаимодействия с окружающей средой.

8. «Люби и знай родной свой край» (5 лет) программа вариативного компонента формирование нравственно-патристического отношения и чувства сопричастности к семье, городу, стране, природе, культуре на основе историко-национальных и природных особенностей родного края и страны. Воспитание чувства собственного достоинства как представителя своего народа, уважение к прошлому, настоящему, будущему своего края и страны.

9. «Ертегілер еліне саяхат» (2 жастан бастап) вариативтік бағдарламасы бойынша балаларға ертегі арқылы тәрбие беру үрдісін қалыптастыру. Қазақ ертегілері негізінен батырлық рухын қалыптастыру, отаншылдыққа, ата-ананы сыйлап, мейірімді болуды үйрету.

10. Жергілікті емханамен байланысты жүйелі түрде жасап, денсаулығында ақауы бар балалармен түзетушілік жұмыс жүргізу.

**Бөбекжайдың даму
бағдарламасынан күтілетін
нәтиже**

I.Заманауи педагогтың кәсіби өсуін дамыту.

Балабақша үшін – мекеменің бәсекеге қабілеттілігін арттыру;

балалар үшін – әр баланың жеке қажеттіліктері мен мүмкіндіктеріне сәйкес толыққанды сапалы білім алу;

педагогтар үшін – мамандыққа деген қызығушылықты арттыру және кәсіби күзіреттілікті дамыту;

отбасы үшін – баланың денсаулығы мен мектепке кіру кезіндегі сәттілігін сақтау;

II. Білім беру мазмұнын жаңарту.

1. **«Өнерлі он саусақ»** (4 жастан бастап) вариативтік бағдарламасы бойынша шығармашылық жобасы негізінде тәрбиеленушілерге шығармашылық ойлау қабілетін, мәдениеті дамиды. Шығармашылық іскерліктері мен эстетикалық талғамы қалыптасады.

2. **«Қызықты математика әлемі»** (4 жастан бастап) вариативтік бағдарламасы бойынша шығармашылық жобасы негізінде тәрбиеленушілерге танымдық үрдістер, ықылас, ес, ой, қиялын дамытады. Ақыл-ой әрекеттерінің тәсілдерін салыстырады, қорытындылайды, талдау жасайды, байланыстың себеп-салдарын үйренеді.

3. **«Ұлттық ойындар»** (5 жастан бастап) вариативтік бағдарлама бойынша шығармашылық жобасы негізінде тәрбиеленушілер мектеп жасына дейінгі балаларға арналған қазақ халық ойындарын үйренеді. Балалардың өнер арқылы өз сезімдерін және эмоцияларын білдіру мүмкіндік жасайды.

4. **«Тапқыштар әлемі»** (5 жастан бастап) вариативтік бағдарлама бойынша шығармашылық жобасы арқылы балалардың танымдық, шығармашылық қабілетін дамытады. Логикалық ойлау қабілетін, тілін дамытады, сөзік қорын молайтады.

5. **«Жол тәртібін білейік»** (3 жастан бастап) вариативтік бағдарлама бойынша шығармашылық жобасы негізінде ақыл-ой әрекетінің дамиды, логикалық ойлау, салыстыру, талдау, жинақтау дағдыларын қалыптастырады, өзін-өзі бақылау дағдылары дамытады.

6. **«Шығармашылық әлеміне саяхат»** (3 жастан бастап) вариативтік бағдарламасы

	арқылы балалардың шығармашылық қабілеттері дамиды. Өнерге, сұлулыққа, мәдениетке деген қызығушылықтары артады. Балалардың қиялын, танымдық және қол моторикасын дамиды. 7. «Почемучки» (4 года) программа вариативного компонента для создание условий для проведения опытно-экспериментальной деятельности; овладение способами практического взаимодействия с окружающей средой. 8. «Люби и знай родной свой край» (5 лет) программа вариативного компонента формирование нравственно-патрического отношения и чувства сопричасности к семье, городу, стране, природе, культуре на основе историко-национальных и природных особенностей родного края и страны. Воспитание чувства собственного достоинства как представителя своего народа, уважение к прошлому, настоящему, будущему своего края и страны. 9. «Ертегілер еліне саяхат» (2 жастан бастап) вариативтік бағдарламасы бойынша балаларға ертегі арқылы тәрбие беру үрдісі қалыптасады. Қазақ ертегілері негізінен батырлық рухын қалыптастыру, отаншылдыққа, ата-ананы сыйлап, мейірімді болуды үйренеді.
Нысаналы индикатор	-2-6 жас аралығындағы балаларды мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен 100 % қамту. -балалардың денсаулығын сақтау және нығайту; мектепалды даярлық топ балаларын мектепке сапалы дайындау; -педагогтардың кәсіби құзыреттілігін арттыру, біліктілік арттыру курстарын жалғастыру, түрлі деңгейдегі жобаларды әзірлеуге және іске асыруға қатыстыру; -педагогтардың санаттарын көтеру; -ұйымдастырылған оқу қызметінде жаңа инновациялық-технологияларды қолдану, диагностикалау; -латын графикасына көшу шеңберіне педагогтарды арнайы курстардан өткізуді ұйымдастыру;

	-ата-анамен балабақша арасындағы қарым-қатынасты арттыру; -ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмысты нығайту (сөйлеу дамуында ауытқушылығы бар балалар) -білім ұйымының материалдық-техникалық базасын дамытуға жағдайлар жасау.
Даму бағдарламасын іске асыру кезеңдері мен мерзімдері	I кезең (2024 – 2025, 2025 – 2026 оқу жылдары) дайындық кезеңі: теориялық-талдау, диагностикалық, болжамдық және ұйымдастырушылық іс-әрекет – бағдарламаны жүзеге асырудың негізі. II кезең (2026-2027, 2027-2028 оқу жылдары) негізгі практикалық кезең: жүзеге асыру, ағымдағы сараптау, бағдарламаны жүзеге асырудың іс-әрекеті және оны жүзеге асыру кезеңінде жүргізілген іс-шаралар III кезең (2028-2029 оқу жылы) қорытынды , сараптау кезеңі: нәтижелер қорытындысы, бағдарлама жемісі, алдағы даму жолын құрастыру және болжам жасау
Даму бағдарламасын ұйымдастыру мен бақылау	«Аққу» бөбекжай» директоры м.а. Сагындыкова А.С.
Даму бағдарламасын іске асырудағы қаржыландыру көзі	Жергілікті бюджет

II. Ағымдағы жағдайды талдау

Қарағанды облысы білім басқармасының Абай ауданы білім бөлімінің «Аққу бөбекжай» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорыны Абай қаласында орналасқан. 29.08. 2008 жылдан бері мектепке дейінгі тәрбие мен білім беретін мекеме болып ашылды. Бөбекжайда 8 топ болып, оның ішінде 7 топ мемлекеттік тілде, ал, 1 топ аралас орыс тілінде жұмыс істейді. Жалпы 183 бала тәрбиеленеді. Балаларға білім мен тәрбие беруде 22 педагог қызмет атқарады.

Білім беруді ұйымдастыру, жаңарту балалардың жас аралық ерекшеліктері мен психологиялық – педагогикалық принциптерді ескере отырып жасалды, топ бөлмелері, кабинеттер, залдар, алаңқайлар бағдарламаның талаптарына сай келеді, жиһазбен жабдықталған. Педагогикалық процесті ұйымдастыру үшін қажетті ойын материалдары мен әдістемелік материалдар әзірге жеткілікті болып жатыр.

Педагогикалық ұжым әрдайым ізденісте, инновациялық жаңалықтарға құмар, өз тәжірибелерінде жаңа технологияларды қолдана отырып, заман талабына сай интернет желісімен жұмыс жасап, балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, саналы да сапалы білім беруде. Әр топта заттық дамытушылық орта құрылып, баланың жан-жақты дамуына жағдай жасалды.

Бағдарламаның алға қойған міндеттері де орындалуда.

-Жаңа технологиялық әдіс-тәсілдермен толықтыру мақсатында материалдық базаны нығайтуда кабинеттер керекті құралдармен жабдықталды. Топтарға балалардың жан-жақты дамуына әр түрлі ойыншықтар, леголар, құрылыс материалдары, үстел, желілі рөлдік ойындары алынды. Ата-аналармен бірлесе отырып театр ойындары қолдан жасалуда.

-Салт-дәстүр арқылы балалардың бойына мәдени, рухани және адамгершілік құндылықтарды дарытуда педагогтар еңбек етуде. Вариативтік компонентке «Салт дәстүр - тәрбие көзі», «Қуыршақ театры ертегілер елінде», «Ұлттық ойындар үйренейік» тақырыптарында алып, өз халқымыздың салт-дәстүрімен, әдет-ғұрпымен балаларды жастайынан үйретіп келеміз.

-Балалардың денсаулығын сақтау және нығайту мақсатында балабақшада осындай іс шаралар өткізілуде:

1.Таңғы жаттығу.

2.Таза ауада серуендеу күніне - 2 рет.

3. Бұдыр, тікенекті жолмен жүру.

4. Көктем, күз мезгілінде респираторлық аурулардың алдын-алу үшін мұрын қуысына оксалин жақпасын жағу, сарымсақты турап қою.

5. ЖРВИ мен тұмауды алдың-алу мақсатында III-тағамға «С»дәруменін қосу.

6. Лимон қосылған шай беру.

7. Күнделікті ылғалды жиыстыру залалсыздандыру құралдарын қолдану арқылы жуып тазалау жұмыстары, кейін жиі-жиі желдету, ультракүлгін сәулесін қолдану.

Қорытынды:

Былырғы оқу жылымен салыстырғанда ауырған балалардың саны шамамен 3,3 % төмендеген. Оның ішінде ЖРВИ мен ауырғандар 1,3%, бронхитпен ауырғандар 0,6%, ангина 0,6%, төмендегені байқалады, пневмониямен, желшешекпен ауырғандар жоқ. Дегенмен, оқу жылында басқа аурумен ауырғандар 0,6 % артып отыр. Осыған байланысты балабақшада аурудың алдын алу жұмыстарының сапасын көтеру қажет.

Ұсыныстар:

1. Балабақшада балаларды шынықтыру шараларын күшейту.
2. Аурудың алдын алу шараларының сапасын көтеру.
3. Ата-аналармен балалардың денсаулығын сақтау мақсатында кеңестер беру.

Педагогикалық кадрлардың базалық білімі бойынша сараптама

Бөбекжайда барлығы 22 педагог еңбек етеді. Жоғары білімді - 8, орта арнаулы - 14. Екінші санатты – 3 педагог, педагог-модератор – 5 педагог. Мамандықтары бойынша - 22 педагог. Зейнеткерлік жастағы педагог жоқ. Барлық педагогтар біліктілікті арттыру курсынан уақытылы өтеді. Соңғы үш жылда біліктілікті арттыру курсынан 16 педагог өтті, яғни ол 64% құрайды.


2024-2025 оқу жылында педагогтардың құрамы

№	Диплом бойынша мамандығы	Қызметі	Саны
1.	Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу	Директор	1
2.	Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу	Әдіскер	1
3.	Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу	Тәрбиеші	16
4	Педагогика мен психология	Педагог-психолог	1

5.	Мектепке дейінгі және негізгі орта білім беру ұйымдарындағы музыка жетекші	Музыка жетекші	1
6.	Дене тәрбие нұсқаушысы	Дене тәрбие нұсқаушысы	1
7.	Қазақ тілі педагогы	Қазақ тілі педагогы	1

Педагогтардың сапалық құрамы 2024-2025 оқу жылы

Білімі	2022-2023	2023-2024	2024-2025 (01.09.)
Жоғарғы	4	6	8
Арнаулы орта	23	13	14
оның ішінде мектепке дейінгі арнаулы орта	10	0	10
Білімі жоқ	-	-	-
Барлығы:	27	19	22



Қорытынды: Барлық тәрбиешілердің педагогикалық білімдері бар. Арнаулы орта білімді педагогтар санының өсуін олардың базалық білім алуына деген сұраныстарынан туындаған.

Мәселе: Мектепке дейінгі жоғары білімі бар педпгогтардың аздығы.

Шешу жолдары: Қарағанды «Болашақ» ЖМ академиясымен келісім жасау, «Вакансия жәрмеңкесіне» қатысу.

Педагогтардың сапалық құрамы 2024-2025 оқу жылы

Барлық педагогтар	Оның ішінде педагогикалық білімі бойынша			Оның ішінде жасына байланысты							
	Жоғары % шаққанда	Оның ішінде мектепке дейінгі жоғары	оның ішінде мектепке дейінгі орта арнаулы % шаққанда	20-25 жасқа дейін % шаққанда	25 - 30 жасқа дейін % шаққанда	30 -35 жасқа дейін % шаққанда	35 - 40 жасқа дейін % шаққанда	40-45 жасқа дейін % шаққанда	45-50 жасқа дейін % шаққанда	50-55 жасқа дейін % шаққанда	55-60 жасқа дейін % шаққанда
22	9	13	10	0	5	6	5	2	1	1	1
100%	42,8%	33,3%	57,1%	%	22,7%	27,2%	22,7%	9%	4,5%	4,5%	4,5 %


Оның ішінде санаты барлар				
Жоғары (% шаққанда)	Бірінші (% шаққанда)	Екінші (% шаққанда)	Педагог-модератор (% шаққанда)	Санатсыз (% шаққанда)
0	0	3	5	14
0%	0%	13,6%	22,8%	63,6%

Еңбек өтілі бойынша өзгерістердің динамикасы

Жұмыс өтілі	2022-2023 оқу жылы		2023-2024 оқу жылы		2024-2025 оқу жылы 1 қыркүйекке дейін	
	Саны	%	Саны	%	Саны	%
Барлық педагогтар						
1 жылға дейін	3	15,7%	5	27,8%	1	4,5%
5 жылға дейін	8	42,2%	3	16,7%	8	36,3%
5 жылдан 10 жылға дейін	4	21,1%	2	11,2%	9	40,9%
10 жылдан 15 жылға дейін	4	21,1%	4	22,3%	2	9%
15 жылдан 20 жылға дейін	-	-	4	22,3%	2	9%
20 жылдан жоғары	-	-	-	-	-	-
Барлығы	19	100	19	100	22	100

Бөбекжай педагогтерінің жалпы санынан кәсіптік білімі бар педагогтердің үлесі

Барлық педагогтар		Оның ішінде педагогикалық білімі бойынша				Аяқталмаған жоғары%
		Жоғары % шаққанда	Оның ішінде мектепке дейінгі жоғары %	Арнаулы орта % шаққанда	Оның ішінде мектепке дейінгі арнаулы орта % шаққанда	
2022-2023 оқу жылы	19	21,1%	10,6%	73,7%	73,7%	10,6%
2023-2024 оқу жылы	18	22,3%	11,2%	77,8%	77,8%	10,6%
2024-2025 оқу жылы	22	42,8%	33,3%	57,1%	57,1%	14,2%



Қорытынды: Мектепке дейінгі орта арнаулы педагогтар саны жылдан жылға кеміп, педагогтардың біліктілік деңгейі 57,1%-ға артты.

Күшті жақтары:

Бөбекжайда 2023-2024 оқу жылында мектепке дейінгі жоғары білімді педагог – 22,3% болса, 2024-2025 оқу жылы артты. Мұнан педагогтардың біліктілік деңгейлерінің көтерілгенін көруге болады.

Кемшін тұстары:

1. Арнаулы орта білімді педагогтардың әлі де болуы.


Шешу жолдары:

1. Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу мамандығы бойынша орта арнаулы педагогтардың санын арттыру.

Біліктілігін жоғарылату және қайта даярлау курсынан өткен педагогтар саны

Курстан өткен жалпы педагогтар саны	2022-2023 оқу жылы	2023-2024 оқу жылы	2024-2025 оқу жылы
20	1	6	8

Курс өткен жалпы педагогтар саны



Қорытынды: Педагогтардың біліктілігін көтеру, қайта даярлау курстары 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарымен салыстырғанда 60% орындалды. 2024-2025 оқу жылы 8 педагог курстан өтті. 2022-2023 оқу жылында 1 педагог курстан өтті.

Мәселе: Педагогтар баспа беттеріне әдістемелік, шығармашылық жұмыстарын жариялаудың іске асырылуы өте төмен.


Шешу жолдары: Әріптестермен озық іс-тәжірибемен алмасу үшін балабақшаларымен кәсіби қоғамдастықты құру. Педагогтардың біліктілігін арттырудың инновациялық қызметін ұйымдастыру.

КОНТИНГЕНТ МІНЕЗДЕМЕСІ

Оқу жылдары	Топтар саны	Кіші топ	Аралас тобы	Ортаңғы топ	Ересектер тобы	Метепалды тобы
2022-2023 оқу жылы	8	1	1	2	2	2
2023-2024 оқу жылы	8	1	1	2	2	2
2024-2025 оқу жылы	8	1	1	2	2	2

Тәрбиеленушілер контингенті

Бардық топтар	2022-2023 оқу жылы	2023-2024 оқу жылы	2024-2025 оқу жылы
Кіші топ	20	20	20
Аралас топ	20	16	20
Ортаңғы топ	25	25	25
Ортаңғы топ	25	25	25
Ересектер тобы	25	25	25
Ересектер тобы	25	25	25
Мектепалды тобы	25	19	20
Мектепалды тобы	25	18	23
Барлығы	190	173	183



Қорытынды: Бөбекжайдың қала орталығында орналасуы, оқу мен тәрбиелеу үрдісінің мемлекеттік тіл мен ресми орыс тілінде қатар жүргізілуі және жас отбасылардағы ата-аналардың тұрақты жұмыс істеулеріне байланысты бөбекжайда тәрбиеленушілерінің саны артуда.

Тәрбиеленушілердің білім деңгейі

Мектепке дейінгі ұйымдарда білім беруге жүргізілетін мониторинг балалардың бес білім саласы бойынша даму динамикасын қадағалауға мүмкіндік берді. Тәрбиеленушілердің білімін мөлшерлеуші ретінде, балаларды жетілдіруді дамыту деңгейінің диагностикалық картасы қолданылады. Бұл үшін барлық жастағы тәрбиеленушілерді зерттеу картасы әзірленген. Мөлшерлеу құралы болып, әр түрлі тақырыптағы тапсырмалар, бес білім беру саласы: «Денсаулық», «Қатынас», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеуметтік орта» салалары бойынша әр түрлі жастағы топтарда жүйелендірілген дидактикалық материалдар қолданылады. Тексеру нәтижелеріне тақырыптық есеппен қорытынды жасалады және одан әрі жұмыс істеу үшін түзетулер енгізіледі. Балаларды жектілікті дамытуды бағалау үшін, ҚР МДЖМБС сәйкес тәрбиеленушілердің білімін бағалау өлшемдері қолданылады:

I деңгей – кез келген іс-әрекетті және білімді тәрбиешінің үлгісі бойынша орындайды;

II деңгей – істеген ісін түсінеді, белгілі бір мөлшерде білімі бар;

III деңгей – өзінің қолынан келгенін және білетінін өз бетімен, шығармашылықпен және кездейсоқ жағдайда қолдана алады.

2023-2024 оқу жылында мониторинг үш рет өткізілді: қыркүйек, желтоқсан және мамыр айларында. Биылғы жылы бөбекжайда балалардың даму құзыреттіліктерінің диагностикасы ғана емес, сонымен қатар балалардың мектепке дайындығына да талдау жасалған. Бітірушілер тобы екеу.

Тәрбиешілер мен пән мамандардың жұмыстары өте тығыз ынтымақтастықта жүргізіледі.

«Физикалық қасиеттерін дамыту»

«Физикалық қасиеттерін дамыту» мазмұны дене шынықтыру және валеология ұйымдастырылған оқу қызметтері мен балалардың өмірін ұйымдастыру, тәрбиелеу арқылы өздігінен қозғалу әрекеті, мәдени-гигиеналық дағдылар, салауатты өмір салты мен сауықтыру-шынықтыру шаралары арқылы жүзеге асады.

Сауықтыру-шынықтыру жұмыстарының міндеттерін толық жүзеге асыруда қазақ халқының ұлттық салт-дәстүрлері негізге алынып барлық жұмыс балалардың жас және психофизикалық ерекшеліктері ескеріліп жүргізілді.

«Фидикалық қасиеттерін дамыту» әр кезеңдегі мониторингі мектепке дейінгі балалар құзыреттілігінің дамуының оң нәтижесін көрсетті.

Топтарда негізгі қимыл-қозғалыс жаттығуларын орындау деңгейінің жоғарылағаны байқалды. Бірақ та балаларға өрмелеу, гимнастикалық орындықтардан түсу сияқты жаттығуларды өз деңгейінде орындатуға мүмкіндіктің жоқтығы қиындық туғызады. Сырқаттанудың салыстырмалы талдауы жалпы аурулардың азаюымен қатар, жұқпалы аурулар қатарының өсуін көрсетті.

Топтар	2023-2024 оқу жылы		
	Жыл басы	Жыл ортасы	Жыл аяғы
«Алмұрт» кіші топ	45%	55%	65%
«Ботакөз» ортаңғы топ	40%	52%	61%
«Құлыншақ» ортаңғы топ	56%	88%	88%
«Жұлдыз» ересек топ	56%	76%	88%
«Балапан» ересек топ	56%	87%	92%
«Күншуақ» мектепалды тобы	53%	87%	99%
«Құлпынай» мектепалды тобы	48%	90%	99%
«Ертөстік» аралас топ	33%	62%	87%
Барлық топ бойынша ортаңғы көрсеткіш:	48,3%	74,6%	84,8%

Қорытынды: балаларды сауықтыру-шынықтыру шараларында қолданылатын технологиялар бала ағзасының сыртқы факторларға қарсылық қабілеттерін жетілдіріп, балалардың сырқаттану деңгейін төмендетеді. Дене шынықтыру оқу қызметінің жүйелі жүргізілу нәтижесінде балалар күнделікті тұрмыста қолданылатын қимыл-қозғалыс дағдыларын игереді.

Мәселе: кіші топ балаларының негізгі қимыл-қозғалыс жаттығуларын орындау деңгейінің төмендігі, бұл жастағы балалардың сөздік нұсқаулықтарды түсініп қабылдамауы берілген тапсырманы дұрыс орындамауға септігін тигізеді. Кей ата-аналардың да күн тәртібін сақтамауы (таңертеңгілік жаттығуға баланы кеш әкелуі), педагог нұсқаулықтарын уақытылы дұрыс орындамаулары да кері әсер етеді.

Шешу жолдары:

- Бөбекжай мен отбасы бірлесе отырып бала денсаулығын сақтау кеңістігін қалыптастыру. Ата-аналарды іс-шараларға тарта отырып, бала денсаулығын сақтау мен физикалық дамуларына жағдай жасайтын тиімді әдіс-тәсілдерді іздеу. Баланың бөбекжайға бейімделу іс-әрекеті кезеңінде педагог-психолог, медбике, дәрігер-педиатрлардың кеңесіне сүйене отырып денсаулық сақтау технологияларын қолдануға ерекше көңіл бөлу.

«Коммуникативтік дағдыларын дамыту»

«Коммуникативтік дағдыларын дамыту» базалық мазмұны төмендегідей ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің түрлері тіл дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру, сауат ашу және жазу негіздері, мемлекеттік тілді үйрету арқылы жүзеге асады.

Қазақстан Республикасының «Тіл туралы» Заңын орындау, бүлдіршіндердің бойына тілге деген сүйіспеншіліктерін дарыту және салт-дәстүрлер туралы білімдерін кеңейту мақсатында біз олармен ұйымдастырылған оқу әрекеттерін жүргіземіз.

Тәрбиеленушілердің «Коммуникативтік дағдыларын дамыту» бойынша даму деңгейінің көрсеткіші

Топтар	2023-2024 оқу жылы		
	Жыл басы	Жыл ортасы	Жыл аяғы
«Алмұрт» кіші топ	40%	50%	60%

«Құлыншақ» ортаңғы топ	41%	48%	58%
«Ботакөз» ортаңғы топ	20%	31%	48%
«Балапан» ересек топ	56%	87%	92%
«Жұлдыз» ересек топ	20%	28%	42%
«Күншуақ» мектепалды тобы	53%	88%	99%
«Құлпынай» мектепалды тобы	52%	85%	99%
«Ертөстік» аралас топ	37%	40%	63%
Барлық топ бойынша ортаңғы көрсеткіш:	39,8%	57,1%	70,1%

Қорытынды: Педагогтар мектеп жасына дейінгі балалардың тілдік қатынасын қалыптастыруға, мемлекеттік тілді меңгеруге, сауат ашу және жазу негіздері мен тілдік мәдениеттің дамытуға жағдай жасайды. «Коммуникативтік дағдыларын дамыту» екінші деңгейі басым.

Мәселе:

- ✓ Балалардың басым пайызының тілдерінің кемістігі, тілдік дағдыларын түзетуді қажет етеді. Педагогтардың балалармен жекелеме жұмыс жасау әдістерінің аздығы, тілдік ойындар мен мемлекеттік, орыс тілі және ағылшын тілінде тілдерін дамыту жаттығуларын жеткіліксіз пайдаланулары.
- ✓ Отбасы жағдайында мемлекеттік тілді меңгертуге көңіл бөлінбеуі;
- ✓ Бөбекжай мен отбасының сабақтастығы бойынша жұмыстың жеткіліксіздігі.

Шешу жолдары:

- Тілдік құзыреттіліктерін дамыту бойынша жұмыс түрлерін жалғастыра отырып, жаңа технологияларды жүйелі қолдану арқылы балалардың тілі мен сөздік қорларын дамыту.
- «Тілдер мәдениеті» жобасы бағытында үштілділік мәдениеттің қарапайым дағдыларын қалыптастыру, тәрбиеленушілердің тілдік қорларын дамыту.

«Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту»

«Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту» мазмұны мен мақсаты мектеп жасына дейінгі балалардың қоршаған орта жайлы қарапайым түсініктері мен танымдық іс-әрекетінің қарапайым дағдыларын меңгерту және игерген дағдыларын күнделікті өмірде қолдануға қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру. Танымдық іс-әрекеттер барлық ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттері мен тәрбиелеуде, серуендер кезінде балалардың қоршаған орта мен тығыз байланысы, қоршаған орта мен күнделікті іс-әрекеттерді бақылау, бірлескен – дербес және ересектермен бірлескен іздестіру іс-әрекеттері арқылы жүзеге асырылады.

«Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту» бойынша тәрбиеленушілердің даму деңгейінің көрсеткіштері

Топтар	2023-2024 оқу жылы		
	Жыл басы	Жыл ортасы	Жыл аяғы
«Алмұрт» кіші топ	35%	45%	55%
«Ботакөз» ортаңғы топ	28%	37%	59%
«Құлыншақ» ортаңғы топ	52%	77%	80%
«Жұлдыз» ересек топ	72%	80%	85%
«Балапан» ересек топ	64%	80%	89%
«Күншуақ» мектепалды тобы	58%	84%	99%
«Құлпынай» мектепалды тобы	48%	80%	99%
«Ертөстік» аралас топ	38%	47%	63%
Барлық топ бойынша ортаңғы көрсеткіш:	49,3%	66,2%	78,6%

Қорытынды: «Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту» мониторинг деңгейі балалар құзыреттілігінің қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру мен құрастыру бөлімдері бойынша жақсы нәтиже көрсетті. Бұл педагогтардың жоспарлы мақсатты жұмыс істеулерінің нәтижесі.

Мәселе: Мектеп жасына дейінгі балалардың таным құзыреттіліктерін қалыптастыруға байланысты сұрақтар бойынша ата-аналардың ат салысуы мен жас педагогтардың іздену деңгейінің төмендігі.

Шешу жолдары: Педагогтар мен ата-аналардың дәстүрлі емес әдіс-тәсілдер арқылы жаңа инновациялық технологияларды қолдану арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық-ізденіс іс-әрекеттерін кеңейту.

«Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту»

«Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту»: сурет салу; мүсіндеу; аппликация; музыка. Қазіргі қоғам жан-жақты, білімді, шығармашылық қабілеті дамыған ұрпақ тәрбиелеу, бұл отыз елдің қатарына кірудің алғы шарттарының бірі ретінде қарастырылады. Бала шығармашылығын арттырудың маңызды мәселелерінің бірі бейнелеу өнері саласындағы бағдарлама мазмұнын анықтау болып табылады. Балалар өз ойларын әлсіз саусақтары арқылы ермексазбен мүсіндеп, сурет салып бейнелейді. Педагогтар ұжымы «Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту» бойынша, бағдарлама материалын меңгерту барысында сюжетті-рөлдік, драматизациялық ойындарды кеңінен пайдаланып, балаларды ұжымдық іс-әрекетке біріктіріп, өзара қарым-қатынас мәдениетіне баулып, бойларындағы адамгершілік сапаларын дамытуға жағдай жасады.

**«Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту»
бойынша тәрбиеленушілердің даму деңгейінің көрсеткіштері**

Топтар	2023-2024 оқу жылы		
	Жыл басы	Жыл ортасы	Жыл аяғы
«Алмұрт» кіші топ	40%	45%	55%
«Ботакөз» ортаңғы топ	24%	54%	66%
«Құлыншақ» ортаңғы топ	56%	85%	92%
«Жұлдыз» ересек топ	20%	44%	58%
«Балапан» ересек топ	60%	82%	92%
«Күншуақ» мектепалды тобы	53%	84%	99%
«Құлпынай» мектепалды тобы	57%	85%	99%
«Ертөстік» аралас топ	38%	47%	63%
Барлық топ бойынша ортаңғы көрсеткіш:	43,5%	65,7%	78%

• **Қорытынды:** Тәрбиеленушілердің сурет салу; мүсіндеу; аппликация, салаларында техникалық тәсілдерді қолданып, өз бетімен сурет салуда бейнелерді тандау мүмкіндіктері қалыптаспаған;

Музыка саласында тәрбиеленушілер мерекелерде, ойын-сауықтарда, ертеңгіліктерде әнді орындау шеберліктері толық жетілген, өздеріне сенімділігі басымырақ. Тәрбиеленушілер берілген мәтін тапсырмасын шын ықыласпен әндете орындайды, биде, хороводта негізгі музыкалық ырғақты қимылдарын игерген, театрлық қойылымдарға, ойындарға белсене қатысады. Дегенмен барлық балалар ұжымдық іс-әрекет барысында, өз қылықтарын дұрыс бағалай білмейтіндіктері байқалды.

Мәселе:

- Техникалық тәсілдерді қолданып, өз бетімен сурет салуда бейнелерді тандау мүмкіндіктері қалыптаспаған;
- Тәрбиеленушілердің ұжымдық іс әрекет барысында, өз қылықтарын дұрыс бағалай білмейтіндіктері.

Шешу жолдары: Тәрбиеленушіге шығармашылық ойлауын ерікті жасауға мүмкіншілік жасап, тәрбиеленушілердің шығармашылық қабілетін дамыту;

«Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларын қалыптастыру»

«Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларын қалыптастыру» саласы: Қоршаған ортамен таныстыру; Экология; Көркем әдебиет.

- Педагогикалық ұжым «Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларын қалыптастыру» саласы арқылы балаларды әлеуметтік ортаға бейім-деп, оларды өз Отанын сүйуге, патриоттық сезімге, үлкенді құрметтей білуге үйретеді. Балаларға ересектермен және құрдастарымен ынтымақтастық қарым-қатынаста болу қажеттігін түсіндіру арқылы оларды еңбекке баули отырып, балалардың бойында жағымды мінез-құлықтарды қалыптастыруға бағыттайды.

«Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларын қалыптастыру» саласы бойынша тәрбиеленушілердің даму деңгейінің көрсеткіштері

	2023-2024 оқу жылы
--	---------------------------

Топтар	Жыл басы	Жыл ортасы	Жыл аяғы
«Алмұрт» кіші топ	45%	55%	70%
«Ботакөз» ортаңғы топ	28%	47%	70%
«Кұлыншақ» ортаңғы топ	48%	78%	88%
«Жұлдыз» ересек топ	24%	44%	67%
«Балапан» ересек топ	28%	40%	50%
«Күншуақ» мектепалды тобы	58%	80%	99%
«Кұлпынай» мектепалды тобы	57%	85%	99%
«Ертөстік» аралас топ	40%	50%	63%
Барлық топ бойынша ортаңғы көрсеткіш:	41%	59,8%	75,7%

Қорытынды: тәрбиеленушілердің әлеуметтік орта құзыреттілігіндегі қоршаған ортаны тану деңгейі барлық топтарда жыл басында -41%, жыл ортасында-59,8%, жыл аяғында -75,7%, болды. Құрбыларымен қарым-қатынас жасаудың жай нормаларын, көшеде, қоғамдық ортада өзін ұстау ережелерін біледі. Өзгенің пікіріне көңіл бөлу, тындау құлшынысын, ойыншықтарын достарымен бөлісуді біледі. Әр жастағы топтарда сюжетті-рөлді, құрылыс ойындарын ұйымдастыруға жағдай жасау қарастырылған (жас ерекшеліктерін ескеру, топтың жағдайы). Ойын әрекеттері, логикалық тапсырмалар, әртүрлі ғажайып сәтті ұйымдастыру, мадақтау және т.б. жұмыстары жүргізілген.

Мәселе: іс-шараларда қоршаған ортамен таныстыру, экологиялық тәрбие беру жұмыстары жүргізілгенімен, балаларға экологиялық тәрбиені насихаттау үшін жоба енгізілмеген.

Шешу жолдары: балалардың айналадағы табиғатқа деген сүйіспеншілігін оятып, ұғымын кеңейту, оның әсемдігін сезінуге, өсімдіктер мен жануарлар дүниесін қамқорлыққа алуға баулу.

Вариативті компонент

1. «Өнерлі он саусақ» (4 жастан бастап) вариативтік бағдарламасы бойынша шығармашылық жобасы негізінде тәрбиеленушілерге шығармашылық ойлау қабілетін, мәдениеті дамиды. Шығармашылық іскерліктері мен эстетикалық талғамы қалыптасады.
2. «Қызықты математика әлемі» (4 жастан бастап) вариативтік бағдарламасы бойынша шығармашылық жобасы негізінде тәрбиеленушілерге танымдық үрдістер, ықылас, ес, ой, қиялын дамытады. Ақыл-ой әрекеттерінің тәсілдерін салыстырады, қорытындылайды, талдау жасайды, байланыстың себеп-салдарын үйренеді.
3. «Ұлттық ойындар» (5 жастан бастап) вариативтік бағдарлама бойынша шығармашылық жобасы негізінде тәрбиеленушілер мектеп жасына дейінгі балаларға арналған қазақ халық ойындарын үйренеді. Балалардың өнер арқылы өз сезімдерін және эмоцияларын білдіру мүмкіндік жасайды.
4. «Тапқыштар әлемі» (5 жастан бастап) вариативтік бағдарлама бойынша шығармашылық жобасы арқылы балалардың танымдық, шығармашылық қабілетін дамытады. Логикалық ойлау қабілетін, тілін дамытады, сөзік қорын молайтады.
5. «Жол тәртібін білейік» (3 жастан бастап) вариативтік бағдарлама бойынша шығармашылық жобасы негізінде ақыл-ой әрекетінің дамиды, логикалық ойлау, салыстыру, талдау, жинақтау дағдыларын қалыптастырады, өзін-өзі бақылау дағдылары дамытады.
6. «Шығармашылық әлеміне саяхат» (3 жастан бастап) вариативтік бағдарламасы арқылы балалардың шығармашылық қабілеттері дамиды. Өнерге, сұлулыққа, мәдениетке деген қызығушылықтары артады. Балалардың қиялын, танымдық және қол моторикасын дамиды.
7. «Почемучки» (4 года) программа вариативного компонента для создание условий для проведения опытно-экспериментальной деятельности; овладение способами практического взаимодействия с окружающей средой.
8. «Люби и знай родной свой край» (5 лет) программа вариативного компонента формирование нравственно-патрического отношения и чувства сопричасности к семье, городу, стране, природе, культуре на основе историко-национальных и природных особенностей родного края и страны. Воспитание чувства собственного достоинства как представителя своего народа, уважение к прошлому, настоящему, будущему своего края и страны.
9. «Ертегілер еліне саяхат» (2 жастан бастап) вариативтік бағдарламасы бойынша балаларға ертегі арқылы тәрбие беру үрдісі қалыптасады. Қазақ ертегілері негізінен батырлық рухын қалыптастыру, отаншылдыққа, ата-ананы сыйлап, мейірімді болуды үйренеді.

Вариативтік компонент	«Алмұрт» кіші тобы	«Құлыншақ» ортаңғы тобы	«Ботакөз» ортаңғы тобы	«Жұлдыз» ересек тобы	«Балапан» ересек тобы	«Құлпынай» мектепалды тобы	«Күншуақ» мектепалды тобы	«Ертөстік» аралас орыс тобы
«Ертегілер еліне саяхат»	1							
«Жол тәртібін білейік»		1						
«Шығармашылық әлеміне саяхат»			1					
«Өнерлі он саусак»				1				
«Қызықты математика әлемі»					1			
«Почемучки»								1
«Ұлттық ойындар»						1		
«Тапқыштар әлемі»							1	
«Люби и знай родной свой край»								1

Тәрбие жұмысы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы «22» сәуірдегі №227 бұйрығымен бекітілген Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері қазіргі кезеңдегі жалпы білім беру жүйесінде тәрбиенің даму перспективасын, басым бағыттарын, мақсаттарын және міндеттерін анықтап береді. Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерінің 8 бағытына сәйкес жұмыс жоспары құрылып, бөбекжайдағы тәрбие жұмысы төмендегі бағыттар бойынша ұйымдастырылады:

1. Қазақстандық патриотизм, азаматтық және құқықтық тәрбие;
2. Рухани-адамгершілік тәрбие;
3. Ұлттық тәрбие;
4. Отбасы тәрбиесі;
5. Еңбек және экологиялық тәрбие;
6. Көркем-эстетикалық тәрбие;
7. Зияткерлік тәрбие;
8. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты.

Тәрбие жұмысының мақсаты: Жалпы адамзаттық және ұлттық «Мәңгілік ел» құндылықтары негізінде білім мен тәрбие бере отырып бойында ұлттық құндылықтар дамыған, елін, жерін сүйетін қазақстандық патриот тәрбиелеу.

Қазақстандық патриотизм, азаматтық және құқықтық тәрбие

Патриоттық тәрбиені орындаудағы ең басты мақсатымыз рәміздерімізді, Ата заңымызды құрметтеу, ол тәрбиеленушілерге әр аптадағы дүйсенбі сайын ҚР-ның Гимнің орындаудан бастау алады.

Мектеп жасына дейінгі балалармен жүргізілетін тәрбие жұмысының бірден-бір негізгі бағыттарының бірі ол- Қазақстандық ұлт жандылық пен азаматтық тәрбие. Әрбір мереке күндеріне байланысты өткізілетін іс-шаралар жоспары құрылды, олардың барлығы дерлік жылы бойы өткізілді. Конституция күніне орай ересектер тобы тәрбиеленушілерімен «Менің құқығым» тақырыбында оқу қызметі өткізіледі. Қазақстан Республикасы Халықтарының тілдер мерекесі қарсаңында «*Тіл тағдыры ел тағдыры*», Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне байланысты «*Тәуелсіз-Қазақстан*» тақырыптарында ертеңгіліктер, концерттік бағдарламалар, ойын-сауықтар мен қоса сурет және қолөнер көрмелері ұйымдастырылды. Сонымен бірге жарқын да ашық, жоғары эмоционалдық деңгейде «*Қош, келің*

Наурыз!», Қазақстан Республикасының халықтары бірлігі күніне орай **«Бір шаңырақ астында»** атты көктемгі мерекелік іс-шаралар өтті.

Барлық педагогтардың күш-жігерлері балалардың өз Отаны-көпұлтты Қазақстан Республикасына деген махаббат пен мақтаныш сезімдерін оятуға, тарихты, қазақ халқының салт-дәстүрін тануға, төзімділікті қалыптастыруға, келісім мен өзара түсіністікке жігерлендіруге бағытталған.

Бұдан арғы жұмысымызды "Мәңгілік Ел" идеясын негізге ала отырып, әрі жалғастыруды жоспарлап отырмыз: Қазақстандық патриотизм, азаматтық және құқықтық тәрбие бағытындағы жұмыстарды жандандыру; тәрбиеленушілердің жалпы және шығармашылық ой-өрісін, белсенділіктерін кеңейту;

Қорытынды: Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие бойынша мектепке дейінгі ұйымда жұмыстар атқарылады.

Мәселе: Патриоттық, азаматтық және құқықтық тәрбиенің алғашқы дағдыларын қалыптастыру мақсатында өткізілетін шараларға ата-аналардың аз қатысуы. Құқықтық оқыту мәселелеріне көп көңіл бөлу.

Шешу жолдары: Патриоттық, ұлтжандылыққа, отансүйгіштікке тәрбиелейтін іс-шараларды жалғастыру, ата-аналарды тарту мақсатында **«Мемлекеттік қызмет көрсету»**, **«Ата-аналар назарына!»** стенділерін ұйымдастыру арқылы ата-аналарға құқықтық білім беру.

Рухани-адамгершілік тәрбие

Рухани-адамгершілік тәрбие: Бөбекжайда мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу жұмысы жүйесінде балаларды рухани-адамгершілікке тәрбиелеуге аса көңіл бөлінеді. Мақсаты мектеп жасына дейінгі балаларда әлемге, адамға, өз-өзіне деген рухани-адамгершілік қатынас қалыптастыру.

Бөбекжайда тәрбиеленушілермен рухани-адамгершілік тәрбие бойынша **«Әдептілік әліппесі»** атты тақырыптық оқу іс-әрекеттері, **«Жақсы деген немене, жаман деген немене»**, **«Не деу керек?»**, **«Көшеде жүру әдебі»** тақырыптарында әртүрлі ертеңгіліктер, тәрбиелік іс-шаралар, ойын-сауықтар, сайыстар, байқаулар өткізіледі. Рухани-адамгершілік тәрбие барлық ұйымдастырылған оқу қызметтерінде, сонымен қатар шығармашылық әдебиеттерді қолдану, театрландыру, ойындар, жаттығулар арқылы жүзеге асады. Бөбекжайда отбасының рөлін көтеру мақсатында

«Отбасы күні», «Әкем, шешем және мен» спорттық ойын сайысы, *«Қарттарға құрмет»* тақырыбында ертеңгіліктер мен ата-аналарға арналған ашық есік күні өткізіледі. *«Үлкенге - құрмет, кішіге ізет», «Құрбан айт – мұбәрак болсын!»* атты тәрбие сағаттары ұйымдастырылуда.

Сараптама: Баланың бойында жаңа дами бастаған адамгершілік сезімдерін пайдалана отырып, үлкендерді сыйлауға, мәдени мінез - құлықтың қарапайым ережелері мен қарапайым қарым-қатынастарды қалыптастыру. Рухани-адамгершілік тәрбиесі - тәрбиелеу және оқыту үрдісі арқылы үздіксіз жүргізіледі.

Мәселе: ортаңғы топта балалардың кітаппен жұмыс түрлері төмен деңгейде ұйымдастырылған.

Шешу жолдары: ортаңғы топ балаларының кітап оқуға деген қызығушылықтарын, коммуникативті дағдыларын арттыру. Кітапқа деген сүйіспеншілігін арттыру мақсатында кітапханаға саяхат ұйымдастыру, кітапхана бұрышын жабдықтау.

Ұлттық тәрби

Бөбекжайдағы тәрбие жұмысының келесі бағыты – ұлттық тәрбие. Ұлттық тәрбие арқылы халқымыздың салт-дәстүрі мен әдет-ғұрыпын қымбат қазына ретінде бағалап, ұрпақтан ұрпаққа жалғастырып келе жатырмыз. Осы ұлттық тәрбие бағытын ұтымды ұйымдастыруда бөбекжайдағы мұражай көп септігін тигізеді. Мұражай іші ертеде ата-бабаларымыз күнделікті тұрмыста пайдаланған ұлттық бұйымдар, тұрмыстық заттар, ұлттық киімдермен, киіз үй жабдықтарымен жабдықталған. Мұражай этнопедагогика бағытында тәрбие беру ортасы ретінде кішкентай бүлдіршіндеріміз ұлтымыздың салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, тұрмыс-тіршілігін естіп қана қоймай, көздерімен көріп танып білуіне жағдай жасайды.

Сараптама: Балабақшадағы тәрбиелік жұмыстардың негізгі бағытарының бірі ұлттық тәрбие, өнерге бейімдеу жұмыстары тиісті деңгейде ұйымдастырылып, бала бойына ұлттық қасиеттерді дарыту жұмыстары жасалуда.

Мәселе: Ұлттық тәрбие, өнерге бейімдеу жұмыстарындағы ұлттық ойындарды мерекелік іс-шараларда ғана ойнауы.

Шешу жолдары: ұлттық ойын элементтерін дене тәрбиесі, серуен, қимыл-қозғалыс ойындарында кеңінен пайдалану.

Отбасы тәрбиесі

Қазіргі заман талабына сай оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастыруда әр баланы жеке тұлға ретінде қабылдап, тәрбие ісіне ата-ананы тікелей қатыстыру оң нәтиже беретінін өмір мен тәжірибе дәлелдеп отыр. Отбасы баланың тәрбиесі мен оның әлеуметтенуінде, тұлғаның көз қарасының қалыптасуында, сондай-ақ, интеллектуалдық, эмоционалдық және еріктік сапаларының дамуында шешуші рөл атқарады. Осылайша, балалардың әлеуметтенуі мен қоғамның жаңа мүшелерінің дайындығы қамтамасыз етіледі.

Сараптама: Отбасымен жұмысты жандандыру үшін ұйымдастырудың әр-түрлі жолдарын пайдаланамыз. Бала тәрбиесіне тәрбиешілермен бірге ата-аналар жақын араласу мақсатында өткізген шаралардың мәні зор. Осы тұста ата-аналармен дөңгелек үстелдер, іс-шаралар өткізіледі.

Мәселе: Жас ұрпақты саналы, сергек етіп тәрбиелеу отбасы мен бөбекжай-бақшасының педагогтарының арасындағы қарым-қатынастардың аздығы, қазіргі заман талабына сай, жас ата-аналардың бала тәрбиесіне тәжірибесінің аздығы басты мәселе болып табылады.

Шешу жолдары: Жаңа кезеңдегі білім берудің мәселесі - жас ұрпаққа адамгершілік-рухани тәрбиені сіңіру бөбекжай мен отбасы арасындағы тығыз байланыс орнату. Жас ата-аналарға арнайы дөңгелек үстелдер, тренинг, семинарлар өткізу.

Еңбек және экологиялық тәрбие

Мектеп жасына дейінгі еңбек тәрбиесінің мақсаты: балаларда еңбекке деген жағымды қатынас қалыптастыру, еңбектен білуге деген ықыластарын, адами құндылықтар қасиетін, үлкендердің еңбегін құрметтей білуге тәрбиелеу. Балалардың еңбекке деген дұрыс көзқарасын қалыптастыру, өз-өздеріне бір-біріне кедергі жасамай қызмет етуге, еңбек етуге үйрету. Ойнап болған соң ойыншықтарын орын-орнына жинауға тәрбиелеу. Балаларды алдына мақсат қоя білуге,

оған жетуге үйрету жұмыс істеу мәдениетін қалыптастыру. Арнайы жабдықтарды дұрыс пайдалану, қадірлеу, қайта орнына қою, бір-біріне көмек көрсетуге тәрбиелеу. Бөбекжайдағы бұл мақсат балалардың жас ерекшеліктері, сонымен қатар олардың еңбек қызметінің ерекшеліктеріне сәйкес шешіледі.

Экологиялық тәрбие бойынша жұмыс жас ерекшеліктер мен маусымдық өзгерістерге сәйкес өткізіледі. Бөбекжай ауласында гүлзарлар бар. Топтар арасында *"Табиғат сенің өз үйің"* байқауы, *"Құстар біздің досымыз!"* т.б. тақырыптарымен суреттер байқауы, *«Қаламыздың тазалығы-біздің тазалығымыз»* атты сенбіліктер ұйымдастырылып өткізілді.

Жыл сайын қазан айында алтын күз мерекесіне орай барлық топтар арасында ата-аналардың қатысуымен *«Берекелі, алтын күз!»* іс-шарасының ұйымдастырылуы, табиғи материалдардан тәрбиеленушілер мен ата-аналардың бірлесіп жасаған қолөнер көрмелері де өте тартымды өтеді.

Қорытынды: Бағыт бойынша *«Тазалық-біздің досымыз»* экологиялық сенбілік, *«Құстар бізде қонақта»*, *«Күз сыйы»* атты іс-шаралар өткізіледі, әр топта табиғат бұрышы және іс-тәжірибе жүргізуге табиғи материалдар жинақталған.

Мәселе: Тәрбиеленушілер мен ата-ана арасындағы бірігіп жасайтын ұжымдық жұмыстардың жеткілікті деңгейде болмауы.

Шешу жолдары: өсімдіктер мен жануарлар дүниесін қамқорлыққа алуға баулу мақсатында *«Жас эколог»* топтарын ашу; бөбекжайда ата-аналармен бірігіп *«Құстарға қамқорлық»* іс-шарасын ұйымдастыру.

Эстетикалық тәрбие

Қазақстанда саяси-мәдени тәрбиенің бастапқы мақсатын адамның қалыптасуы деп анықтауға болады, көпұлтты және саяси мәдени ортада өмір сүруге қабілетті, басқа мәдениетті құрметтейтін және түсінетін қасиетті меңгерген, әр ұлтты адамдармен бейбітшілік пен келісімде өмір сүруге бейімді тұлға. Осыған сәйкес, педагогикалық ұжым тақырыптық оқу іс-әрекеттерін, мерекелер және ойын-сауықтарды бөбекжайдың жылдық жоспарына сай өткізіп отырады. Үнемі *«Алтын күз!»*, *«Тәуелсіздік тұғырым!»*, *«Қыс келбеті»*, *«Қош келдің, Әз-Наурыз!»*, *«Бір шаңырақ астында»*, *«Жайдарлы жаз!»* атты балалар шығармашылық көрмелері өтіп тұрады.

Мәселе: Тәрбиеленушілер мен ата-аналардың шығармашылық іс-әрекеттеріне қатысу деңгейі төмен.

Шешу жолдары: «*Ынтымақты отбасы*» байқауы мен «*Мұражай тарих айнасы*» бағдарламасы негізінде мұражайға саяхат ұйымдастыру, шығармашылық белсенділіктерін арттыру.

Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі

Бұл бағыт бойынша балабақша аясында тәрбиеленушілер арасында түрлі зияткерлік ойындар өткізіліп тұрады. Бөбекжай тәрбиеленушілері халықаралық турниріне, облыстық байқауына жүйелі түрде қатысып тұрады. Бөбекжайда ересек топтар арасында «Бәрін білгім келеді», «Ғажайып қалта» зияткерлік сайыстар үнемі өткізіліп отырады.

Сараптама: балалар және ата-аналар арасында интеллектуалды және ақпараттық мәдениет жұмысы, ақпараттық мәдениет жұмысы ата-аналар арасында «*Тәуелсіздік – ел тұғыры*», интеллектуалдық ойын сайысы жүргізіліп отырды.

Мәселе: тәрбиеленушілердің зерттеушілік, ақпараттық-іздеу қабілеттері дамымаған. Зияткерлік марафон, ғылыми жобалармен айналысу жұмыс деңгейі төмен. Балабақшада тәжірибелік-зерттеушілік жұмыстары ұйымдастырылмаған.

Шешу жолдары: республикалық, халықаралық, аудандық сайыстарына тәрбиеленушілерді қатыстырту; балабақшада тәжірибелік-зерттеушілік жұмыстары ұйымдастыру.

Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты тәрбиесі

Баланың толыққанды физикалық дамуы мен денсаулығы – бұл жеке тұлғаны қалыптастырудың негізі.

Сауықтыру шараларының комплекстік жоспары және мектеп жасына дейінгі балалардың гигиеналық тәрбиесі арқылы жүзеге асырылады, оның нәтижесі ауру деңгейінің тұрақтылығы болып табылады.

Ерте жастағы бөбектерге арналған қауыз балалардың еркін қимыл қозғалыстарын дамытуға арналған. Сонымен қатар, денсаулық күні «*Қыс қызығы*», «*Қоңілді қыс*» эстафеталық жарыстар, отбасы мерекесіне орай «*Әкем, шешем және мен*» отбасылық сайысы, өткізіледі.

Қорытынды: өткен жылдар бойынша бөбекжайдағы тәрбие жұмысының деңгейін талдай отырып, оның қанағаттанарлық деңгейде екендігіне көз жеткізуге болады.

Мәселе: Ата-аналарды ұйымдастырылатын мерекелік іс-шараларға тарту.

Шешу жолдары: балалардың дене және бұлшық еттерінің дамуы, қимыл-қозғалысы артуы, жас ерекшеліктеріне сай негізгі дене жаттығуларын игерту;

Психологиялық қызмет. Бөбекжайдағы психологиялық қызмет

Мақсаты: Бөбекжай тәрбиеленушілері мен педагогтарының психологиялық дамуына жәрдемдесу, жеке өздеріне тән ерекшеліктерін ашу және шығармашылық дамуларына байланысты жанға жайлы психологиялық ахуал орнату.

Міндеттері: Оқу-тәрбие үрдісінде жақсы жетістіктерге жету үшін, балалардың жеке ерік жігерін, ой-өрісін, даму деңгейін, сезімдерін, жан толғанысын айқындау;

- ❖ Тәрбиеленушілермен жөндеу, түзету жұмыстарын жүргізуді жүзеге асыру;
- ❖ Балалардың оқу-тәрбие үрдісіндегі жеке ерекшеліктері мен психологиялық дамулары туралы бөбекжай әкімшілік мүшелеріне, педагогтарға, ата-аналарға кеңес беру;
- ❖ Педагогтармен, ата-аналармен жеке және топтық кеңестер өткізу;
- ❖ Педагогтар мен ата-аналарға психологиялық көмек көрсету.

Аққу» бөбекжайы психологиялық қызмет әрекетін 4 негізгі бағыт бойынша жүзеге асырды:

1. Ағартушы-профилактикалық бағыт;
2. Психодиагностикалық бағыт;
3. Түзету-дамытушылық бағыт;
4. Консультациялық бағыт.

Қызмет әрекеті ҚР нормативті-құқықтық актілері сонымен қатар бөбекжай жұмыс жоспары, білім бөлімінің бұйрықтары мен қаулысы негізінде құрылады.

Қорытынды: Психологиялық қызмет жұмысының барысында балалардың психологиялық саулығы, балалық шақтың барлық кезеңдеріндегі баланың толыққанды психологиялық дамуы қамтамасыз етіледі. Педагогтар мен ата-аналарға балалармен өзара қатынас жасау бойынша сәйкес ұсыныстар ұсынылып, жүргізілген зерттеу қорытындысы бойынша

балалардың жаңа әлеуметтік жағдайларға бейімделу үрдісі аясында топтық және жекелеме түзетушілік-дамытушы жұмыстары мен, балалардың агрессиясын және мазасыздық деңгейін түсіру, балаларды мектепке оқуға дайындау жүзеге асырылады.

Мәселе: Ата-аналардың бала психикасының дамуына қажетті педагогикалық – психологиялық әдістемелерді дұрыс таңдамаулары баланың психикасының дамуына, денсаулығының төмендеуіне, жиі мазасыздануына әсерін береді.

Шешу жолдары: жұмыс түрлерін жүйелеу. Ата-аналарға өз баласын жақсы түсініп, бала психикасының дамуына зиян келтірмейтін даму әдістемесін дұрыс таңдауға көмек беру.

Медициналық қызмет

Бөбекжайда балаларды мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту талаптарына сай құрал-жабдықтармен жабдықталған медициналық кабинет бар. Бөбекжайдағы медициналық кабинет бірнеше секциядан тұрады. Олар: кіреберіс дәліз, қабылдау бөлмесі, изолятор бөлмесі, егу-емдеу бөлмесі. Медициналық кабинет алғашқы және жедел медициналық көмек көрсетуге қажетті құрал-жабдықтармен, және дәрі-дәрмекпен толық жабдықталған:

Онда медициналық қызмет көрсетуді бекітілген штат кестесіне сай, арнайы медициналық білімі бар, біліктілікті арттыру курсынан өткен, мамандығы бойынша сертификаты мен бөбекжайда жұмыс істеуге рұқсат етілген медбике жүзеге асырады.

Бөбекжай медбикесі Шертышева Жайна Георгиевна мұнда бекітілген жылдық жоспарға сай, сапалы медициналық қызмет көрсетеді. Сауықтыру және емдеу-профилактикалық шараларын тереңдетілген медициналық байқау нәтижесіне сәйкес жүргізеді. Дәрі-дәрмектің, дәрілік заттардың және қажетті құрал-жабдықтардың жеткіліктілігін, емдеу кезінде жаңа әдіс-тәсілдерді пайдалануды, залалсыздандыру жұмыстарының жүргізілуіне, ауру түрлері бойынша мониторингтер жасауға ерекше көңіл бөледі. Ол барлық қажетті медициналық құжаттарды жүргізіп, температуралық және дез.режимнің сақталауын қадағалайды. Медбике жыл сайын арнайы медициналық байқаудан өтуді, диспансеризацияны Абай қаласының жанұялық-дәрігерлік амбулаториясының мамандар бригадасымен бірігіп өткізеді. Туберкулез ауруының алдын алуға байланысты МАНТУ жүргізіп, сол бойынша мониторинг жасап отырады.

Бекітілген жоспарға сәйкес:

❖ «Денсаулық жолы»

❖ «Тазалық денсаулық кепілі»

❖ «Дені саудың жаны сау»

❖ «Жеке бас гигиенасы» тақырыптары бойынша тәрбиеленушілермен әңгіме, хабарлама, пайдалы кеңестер жүргізіп, суреттер көрмесін ұйымдастырады. Жұқпалы ауру түрлеріне байланысты санбюллетень жасап, суретті плакаттар, ескертулер іледі.

Бөбекжайда жұмысында бала денсаулығының жоғарғы көрсеткіштер көрсетуі ең маңызды мәселелердің бірі болып табылады. Сол себепті медициналық қызметкер, спорт нұсқаушысымен, тәрбиешілермен бірігіп, үнемі және жүйелі түрде балалардың денсаулық жағдайын тексеріп отырады. Инфекциялық ауруларға қарсы шаралар ұйымдастырады, сонымен қатар дене тәрбиесі сабақтарында, таңертеңгілік шынығу кезінде балалардың гигиеналық тәрбиеге байланысты ережелер мен талаптарды дұрыс, күнделікті орындауын, олардың физиологиялық даму деңгейіне байланысты дене жаттығуларын жүйелі жасауларына ерекше көңіл бөліп, барлық мүмкін жағдайларды жасап, салауатты өмір салты бойынша алдарына қойған мақсат-міндеттерді орындауға тырысып, жұмыстарының нәтижесін сапалық көрсеткіштер арқылы тексеріп отырды.

Кітаптар қоры

Бөбекжайда арнайы кітапхана жоқ. Бөбекжайдағы әдіскер кабинетінде кітаптар қоры жинақталған бұрыш бар. Онда балаларды тәрбиелеу мен оқытуға қажетті сауат ашу негіздері, қарапайым математикалық түсініктерді қалыптастыру, балалардың ойлау қабілеттерін дамыту, тіл дамыту және көркем әдебиетпен таныстыру, айналаны қоршаған ортамен таныстыру және экология, бейнелеу өнері, орыс және ағылшын тілдерін үйрету, музыкаға баулу әдістемелік нұсқаулықтары мен әзірлемелер, бағдарламалар, көркем әдебиеттермен бірге мектепке дейінгі мекемеге арналған журналдар мен газеттер жинақталған. Әдістемеліктер мен әдебиеттер жыл сайын толықтырылып тұрады. Тәрбиелеу-оқыту үрдісінің сапасын арттыру, сондай-ақ педагогтардың өз білімін көтеру мақсатында әрбір топта әр түрлі бағыттағы әдістемелік және көркем әдебиеттер қоры жиналған.

Топ аттары	Әдістемелік әдебиеттер саны	Балалар көркем әдебиеті саны
«Алмұрт» кіші тобы	5	15
«Ботакөз» ортаңғы тобы	5	14

«Құлыншақ» ортаңғы тобы	7	
«Балапан» ересек тобы	7	25
«Жұлжыз» ересек тобы	8	22
«Құлпынай» мектепалды тобы	9	15
«Күншуақ» мектепалды тобы	10	30
«Ертөстік» аралас орыс тобы	10	22
Жалпы саны	61	45
		118

Бөбекжайдың материалдық-техникалық базасы

«Аққу бөбекжай» КМҚК –ның жылжымайтын мүлік пен оны пайдалану құқығына мүмкіндік беретін техникалық сипаттамалық құжаты бар.

Техникалық құжаты бойынша жалпы аумағы 1129,1 м², пайдаланатын бөлігі 882,6 м², оқу алаңындағы топ бөлмелері әр балаға шаққанда 2,9 м² және санитарлық, өрт қауіпсіздігі талаптарына сай келеді.

Балабақша ғимаратының бөлмелері өз қажеттілігіне қарай тиімді бөлінген. Олар:

Топ бөлмесі	8
Ұйықтайтын бөлме	8
Директор бөлмесі	1
Әдіскер бөлмесі	1
Есепші бөлмесі	1
Психолог бөлмесі	1
Музыка залы	1
Мультимедиа бөлмесі	1
Хатшы бөлмесі	1
Медбике бөлмесі	1

Оның ішінде:

1 бөлігі – қабылдау бөлмесі

Асхана
Ас үй

2 бөлігі – емдеу-егу бөлмесі
3 бөлігі – оқшаулау бөлмесі.

2

1

Оның ішінде:

1 бөлігі – пісіру цехы

2 бөлігі – бөлшектеу, дайындау цехы

3 бөлігі – көкеністер қоймасы

4 бөлігі – құрғақ шикі тағамдар қоймасы

1

Кір жуатын бөлме

Оның ішінде:

1 бөлігі – кір жуатын бөлме

2 бөлігі – кір үтіктейтін бөлме

3 бөлігі – қойма бөлмесі

Мектепке дейінгі ұйымда 8 топ бар. Барлық жастағы топтардың қабылдау, ойын, жатын және жуыну бөлмелері бар. Бөбекжайдың аумағында 8 топқа арналған ойын алаңдары орналасқан. Әр алаң балалардың жас ерекшеліктеріне сай көркемделген.

Мектепке дейінгі білім беру ұйымында компьютерлер локальды-ақпараттық жүйеге қосылған, интернет желісі, электронды пошта бар. Бөбекжай асханасында арнайы мамандығы бар екі аспаз жұмыс жасайды. Бөбекжайда балаларды тамақтандыру үшін арнайы құрал-жабдықтармен, құрылғылармен жабдықталған 2 асхана және ас үй бар. Сонымен қатар асхана мен ас үй тамақ тарататын бөлме, шикі тағам сақтайтын бөлмемен жабдықталса, ас үйдің өзі пісіру цехы және тағамды бөлшектеу цехына бөлінген. Ыдыс жуатын құрылғыларға ыстық және суық су құбырлары тартылған. Ыстық су, суық су және канализация құбыры орталықтандырылған.

Ас үй төмендегідей жабдықтармен жабдықталған: бірнеше секциялы ас пісіруге арналған шкаф, тоңазытқыш және мұздатқыш. Сонымен қатар балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес келетін шыны ыдыстармен толық жабдықталған. Балалар 3 мезгілдік таңғы, түскі және кешкі ыстық тамақпен 100% қамтамасыз етілген. Ас үй мен асхананың жабдыкталуы санитарлық нормалар мен талаптарға сәйкес. Дайын және шикі тағамның сапасын директор бұйрығымен бекітілген брокераждық комиссия бақылап отырады. Барлық дезинфекциялаушы құралдардың сапасына сәйкестігі

сертификаттары бар. Бөбекжайдың материалдық-техникалық базасы және қаржылық іс-әрекеті талап етілетін талаптарға сай. Жыл сайын мектепке дейінгі мекемеде жөндеу жұмыстары жүргізіледі. Ғимараттың қабырғалары толық жөндеуден өтіп, қабырғаларын сырлау, сынған кафельдер болса ауыстырып салу т.б.жұмыстары атқарылды.

Балабақшаның айналасы топтардың ойын алаңдарына бөлінген. Топтарда жекелеген серуен алаңдары бар, олар көгалдандырылған және әр саладағы керекті жабдықтармен қамтамасыз етілген. Әрбір ойын алаңында ойнауға арналған құралдар жиынтығы бар: төбесі жабық ыңғайлы құм салғыштар, сырғанақтар, су шашыратып ойнайтын арнайы ыдыстар, әдемі түстермен боялған орындықтар, үстелдер.

Қорытынды: Білім беру ұйымының материалдық-техникалық жағдайының жоғары динамикалық өзгерісі байқалады.

SWOT – талдау нәтижелері

Мықты жағы

1. Мектепке дейінгі мекеме педагогикалық кадрлармен толық қамтамасыз етілген.
2. Педагог-кадрлардың жүйелі түрде аттестаттаудан өтуі.
3. Педагогтардың республикалық, облыстық, қалалық байқауларға, конференция, семинарларға қатысуы.
4. Тәрбие процесінде тәрбиеленушілер мен педагогтар отбасыларының ынтымақтастығы мен серіктестігі қатынастарын құруға мүмкіндік беретін заманауи білім беру технологияларын қолдану;
5. Шағын орталықтың педагогтары ауданның мектепке дейінгі ұйымдарының әдістемелік бірлестіктеріне, республикалық кәсіби шеберлік конкурстарына, республикалық басылымдарда жұмыс тәжірибесінен материалдар жариялауға белсенді қатысады.

Мүмкіндігі

1. Өрлеу «БАҰО» біліктілік арттыру курстарына жіберу, Қарағанды облысы білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығы арқылы тәжірибесі аз педагогтардың кәсіби шеберліктерін көтеру.
2. Жоғары оқу орындарының немесе колледждердің «Мектепке дейінгі тәрбие» факультеттерімен тығыз байланыс орнату.
3. Кәсіби қоғамдастықты басқа балабақшалармен құру.
4. ЖОО және басқа да мекемелермен келісімшарт жасау.
5. Жұмыс нәтижелерін БАҚ та жариялау.

Әлсіз жақтары

1. Жоғары санатты педагогтардың 0%-ды, бірінші санатты педагогтардың 4%-ды, екінші санатты педагогтардың 9%-ды, ал, санаты жоқ педагогтардың 87%-ды, көрсетуі.
2. Оқыту нәтижесінде кейбір ата-аналардың оқу процесіне белсенділік танытпауы
3. Педагогтардың ғылыми-зерттеу жұмысымен аз айналысуы
4. Дене шынықтыру залының жоқтығы

Қауіп қатер

1. Педагогикалық кадрлардың жиі ауысуы.
2. педагогтардың өз бетімен білімін толықтыруға, кәсіби өсуге ұмтылыстарының әлсіздігі;

III. 2024-2029 жылдарға арналған мектепке дейінгі білім беру бағдарламасын іске асырудың даму жоспарының тұжырымдамасы

Бағдарламаның жалпы идеясы Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2024 – 2029 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының даму тұжырымдамасы бейнеленді және мына бағыттарда жұмыс істейді:

- білім беру бағдарламасының жобасын жасау, мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мазмұнын дамыту, жаңашылдыққа, өзгерістерге бейімделе білу, толассыз ақпараттардан хабардар болу;
- баланың танымдылық, ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамытатын заттық дамытушылық орта құру;
- денсаулығының дамуына жағдай жасау, нәтижесі арқылы мекемедегі балалардың денсаулықтарының көрсеткіштерін салыстыру;
- білім беру үрдісінің сапасына жалпы сараптама жүргізіп, оған қатысушыларды өзін-өзі бағалату ретінде, білім берудің сапасын бағалайтын критерийлер енгізу;
- білім беру қызметін бағалауда критерийлердің динамикалығын есепке алу;
- білім беру үрдісіне жаңа инновациялық технологияларды енгізу, жаңа жобалар жасау, оны жүзеге асыру.

Бағдарлама негізгі үш функцияда жүзеге асырылады:

- мекемені дамытудың стратегиясын белгілейді;
- жұмыстың басты бағыттарын анықтайды;
- қызметтің соңғы нәтижесінен хабардар етеді.

Бағдарламаның мақсаты:

Балабақшада балалардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру және жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде тұлғаны тәрбиелеу және оқыту.

Бағдарламаның міндеттері:

- педагог кәсібінің жоғары мәртебесін қамтамасыз ету, педагогикалық білім беруді жаңғырту.

- «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» мамандығы бойынша техникалық және кәсіптік және жоғары білімі бар педагогтердің үлесін арттыру;
- балабақшада тәрбиеленушілердің қауіпсіз және жайлы ортасын қамтамасыз ету;
- тәрбиеленушілердің зияткерлік, рухани-адамгершілік және физикалық дамуын қамтамасыз ету.
- тәрбиеленушілердің өз бетінше жұмыс жасай алуына мүмкіндік беру, болашақ көшбасшыларды тәрбиелеу;
- тәрбиеленушілердің ата-аналарымен және заңды өкілдерімен тұлғааралық өзара іс-қимылдарды кеңейту және өзара жауапкершілік қағидаты бойынша ынтымақтастық құру;
- ерекше тәрбие мен білім берілуіне қажеттіліктері тәрбиеленушілерге жағдай жасауды қамтамасыз ету.
- тәрбиелеу мен оқыту үдерісін цифрландыруды жүзеге асыру;
- мектеппен үздіксіз сабақтастықты дамыту.

КМҚК «Аққу» бөбекжай» тәрбиеленушілердің салауатты өмір салтын сақтауды, дене тұлғасының дұрыс дамуын, зияткерлік, әлеуметтік және тұлғалық дамытуда инновациялық технологиялар мен әдістерді қолданып, үлгілік оқу бағдарламасының білім беру салаларын кіріктіру бойынша білімдерін кеңейтуді көздей отырып, балалармен жан-жақты дамыту бойынша жұмыс істеуді басты мақсат етеді және 2024-2029 жылдарға арналған балабақшаның тұжырымдамасын дамытуды қалыптастырады. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мазмұнын жаңарту шеңберінде мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің кәсіби шеберліктерін дамытады.

Сонымен, КМҚК «Аққу» бөбекжай» бүкіл жұмыс жүйесін бағалау нәтижелерін талдау кезінде 2024-2029 жылдарға арналған даму бағдарламасын іске асырудың перспективалары көрсетілген:

- 2-6 жас аралығындағы балаларды мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен 100 % қамту.
- балалардың денсаулығын сақтау және нығайту;
- мектепалды даярлық топ балаларын мектепке сапалы дайындау;
- педагогтардың кәсіби құзыреттілігін арттыру, біліктілік арттыру курстарын жалғастыру, түрлі деңгейдегі жобаларды әзірлеуге және іске асыруға қатыстыру;
- педагогтардың санаттарын көтеру;
- ұйымдастырылған оқу қызметінде жаңа инновациялық-технологияларды қолдану, диагностикалау;

- ұлттық салт-дәстүрлердің негіздерін қалыптастыру;

- латын графикасына көшу шеңберіне педагогтарды арнайы курстардан өткізуді ұйымдастыру;

- ата-анамен балабақша арасындағы қарым-қатынасты арттыру;

- ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмысты нығайту (сөйлеу дамуында ауытқушылығы бар балалар, көру қабілеті бұзылған балалар).

- білім ұйымының материалдық-техникалық базасын дамытуға жағдайлар жасау.

Бағдарламаның негізгі қағидаттары:

- ғылыми негізделген және дәлелденген бағдарламаларды, технологиялар мен әдістерді қолдану;

- қол жетімділік - балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес денсаулық сақтау технологиялары мен әдістерін қолдану;

- белсенділік - мектеп жасына дейінгі балалардың денсаулығын жақсартудың тиімді әдістерін іздеуге тәрбиешілердің, мамандардың және ата-аналардың барлық тобының қатысуы;

- саналылық - балалардың саналы түрде түсінуі және олардың денсаулығына қатынасы;

- жүйелі - сауықтыру және профилактикалық іс-шараларды ұдайы, жүйелі түрде жүргізеді;

- мақсаттылық - медициналық-педагогикалық әсерлер кешенін нақты белгіленген мақсатқа бағындыру;

Болжамдалатын нәтиже көрсеткіштері

Педагог кәсібінің жоғары мәртебесін қамтамасыз ету

Нәтижелер көрсеткіштері	2024ж.	2025ж.	2026ж.	2027ж.	2028ж.	2029ж.
Қызметкерлердің жалпы саны,% (штаттық кестеге сәйкес)	100%	100%	100%	100%	100%	100%
Жаңартылған білім беру мазмұнын педагогтардың біліктілігін арттыру курсы арқылы жүзеге асыру	35%	45%	55%	65%	75%	85%
Педагогтарды аттестациялаудың жаңа үлгісінің (педагог-сарапшы, педагог-модератор, педагог -зерттеуші, педагог -мастер) сапа көрсеткішін жақсарту.	20%	30%	40%	50%	60%	70%
Әр түрлі қалалық, облыстық, республикалық және халықаралық кәсіби шеберлік конкурстарына қатысатын педагогтардың үлесі	20%	25%	35%	50%	60%	70%
Инновациялық және тәжірибелік жұмыстарға қатысатын педагогтардың үлесі,%	25%	30%	40%	60%	70%	80%
Мектепке дейінгі жоғары және орта арнайы білім алған тәрбиешілердің саны	55%	68 %	77%	88%	99%	100%

V. Бағдарламаны жүзеге асыру кезендері

I кезең (2024 – 2025, 2025 – 2026 оқу жылдары)

№	Даму бағдарламасын ұйымдастыру іс-шаралары	Іске асыру мерзімі	Негізі	Жауапты
1	Бағдарлама жасау	2024-2025ж	Даму бағдарламасы	Директор, әдіскер.
2	Балабақшаның материалдық техникалық базасын жаңарту, толықтыру бойынша жұмыстарды жоспарлау және жүзеге асыру.	жыл бойы	жоспар	Директор, шаруа меңгерушісі.
3	Мемлекеттік білім беру тапсырысын орындау, 190 бала	жыл бойы	Жарғы	Директор
4	Оқыту мен тәрбиелеу үрдісін іске асыратын кәсіби шебер педагог кадрлармен қамтамасыз ету	жыл бойы	штаттық кесте	Директор
5	Арнайы мектепке дейінгі білімі бар педагогтар құрамын көтеру	жыл бойы	жоспар	Директор, әдіскер
6	Жаңартылған білім беру мазмұнына сәйкес педагог қызметкерлердің біліктіліктерін жетілдіру курстарынан өтулерін ұйымдастыру	жыл бойы	жылдық жоспар	Директор, әдіскер
7	Топтарды балалардың ойнауына қажетті ойыншықтармен қамтамасыз ету	қажеттілігіне қарай	жылдық жоспар	Әкімшілік
8	Балабақша педагогтарының біліктілік санатын көтеру	жыл бойы	5 жылдық жоспар	Директор, әдіскер
9	Балалардың сапалы, дұрыс тамақтануын ұйымдастыру	жыл бойы	Сан пин	Диетбике
10	Ерекше білім берілуіне қажеттіліктері бар	жыл бойы	жылдық жоспар	Әкімшілік,

	тәрбиеленушілерге жағдай жасауды ұйымдастыру			ортапист, тифлопедагог.
13	Ата-аналармен жұмыс: ата-аналармен жобалар, көрмелер ұйымдастыру, кеңестер беру, сауалнамалар жүргізу	жыл бойы	жылдық жоспар	Директор, әдіскер, педагог-психолог, тәрбиешілер.
14	Педагогтарды латын графикасына көшу шеңберіне педагогтарды арнайы курстардан өткізуді ұйымдастыру	2024ж.	жылдық жоспар	Педагогикалық ұжым

II кезең (2026-2027, 2027-2028 оқу жылдары)

№	Іс-шаралар	Іске асыру мерзімі	Негізі	Жауапты
1	Балабақшаішілік мониторинг жүйесін құру	2026-2027ж.	жылдық жоспар	Директор, әдіскер
2	Педагог қызметкерлердің озық педагогикалық тәжірибесін жинақтауларын және таратуларын ұйымдастыру	жыл бойы	жылдық жоспар	Педагогикалық ұжым
3	Тәрбиешілердің семинарларға, сайыстарға қатысуларына жағдай жасау	жыл бойы	жылдық жоспар	Директор, әдіскер
4	Балабақшада тәлімгерлік жұмыстың сапасын арттыру	жыл бойы	жылдық жоспар	Директор, әдіскер, тәлімгер
5	Педагогтарды қажетті цифрлық инфрақұрылыммен қамтамасыз ету	жыл бойы	жылдық жоспар	Директор, әдіскер
6	«Бір тұтас тәрбие бағдарламасы» аясындағы жұмыстарды жалғастыру	жыл бойы	жылдық жоспар	Педагогикалық ұжым
7	Жаңа инновациялық технологиялардың жүзеге асыру, заттық дамытушылық ортаны қамтамасыз ету	жыл бойы	жылдық жоспар	Педагогикалық ұжым
8	Материалдық базаны жаңарту	2027ж.	Дефект акт	Директор, шаруа

9	Ата-аналарды серіктестік жұмысына және оларды балалардың қызығушылықтары бойынша үйірмелерге қатыстыруға тарту	жыл бойы	жылдық жоспар	меңгерушісі Педагогикалық ұжым
10	Мектепке дейінгі және бастауыш білім беру арасындағы сабақтастықты күшейту	жыл бойы	жылдық жоспар	Мектепалды даярлық топ тәрбиешілері

III кезең (2028-2029ж.ж)

№	Іс-шаралар	Іске асыру мерзімі	Негізі	Жауапты
1	Балабақшаның дамуын басқарудың сапасына ішкі бақылау жасау	2026ж	Жоспар бойынша	Директор, әдіскер
2	Балалардың біліктері мен дағдыларының дамуына мониторинг жүргізу және талдау жасау	2026ж	индикатор	Әдіскер, педагог-психолог
3	Тәрбиелеу мен оқыту үрдісіне жаңа инновациялық технологияларды енгізуді жалғастыру	жыл бойы	жылдық жоспар	Педагогикалық ұжым
4	Бағдарламаны іске асыру көрсеткішінің мониторингісі	2026ж.	Даму бағдарламасы	Педагогикалық ұжым
5	Мектепалды даярлық топ балаларының мектепке даярлығының мониторингін жүргізу	2026ж.	жылдық жоспар	Мектепалды даярлық топ
6	Педагогтардың іс-тәжірибе алмасуы	2026ж.	жылдық жоспар	Педагогикалық ұжым
7	Даму үдерісінің мониторингі	2027ж.	жылдық жоспар	Директор, әдіскер, тәрбиешілер
8	Балабақшаның білім беру инфрақұрылымын жетілдіру	2027ж.	жылдық жоспар	Педагогикалық ұжым